



## Алматы облысы Қапшағай қаласының бас жоспары туралы

### *Күші жойғал*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 26 ақпандағы № 134 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 2 тамыздағы № 627 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 02.08.2023 № 627 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Алматы облысы Қапшағай қаласының кешенді дамуын қамтамасыз ету мақсатында "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы облыстық және Қапшағай қалалық мәслихаттары мақұлдаған қоса беріліп отырған Алматы облысы Қапшағай қаласының бас жоспарының жобасы бекітілсін.

2. "Алматы облысы Қапшағай қаласының бас жоспарын және оның негізгі ережелерін бекіту туралы" Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1971 жылғы 25 наурыздағы № 161 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2010 жылғы 26 ақпандағы  
№ 134 қаулысымен  
бекітілген

## Алматы облысы Қапшағай қаласының бас жоспары

### Бас жоспардың арналуы

Тыныс-тіршіліктің неғұрлым қолайлы ортасын құру, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және табиғи және мәдени мұраның экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен сақтау мақсатында әзірленген Алматы облысы Қапшағай қаласының бас жоспары (бұдан әрі - Бас жоспар) қаланы 2025 жылға дейін әлеуметтік-экономикалық және аумақтық дамытуды жоспарлаудың негізгі қала құрылысы құжаты болып табылады.

Бас жоспар қалалық инфрақұрылымды дамытудың, табиғи кешеннің аумағын сақтау мен дамытудың, тұрғын үйлерді қайта жаңартудың және өндірістік

аумақты қайта ұйымдастырудың, қоғамдық, іскер және мәдени орталықтарды, туризм және демалыс объектілерін дамытудың, қалалық ортаны кешенді абаттандырудың және эстетикалық ұйымдастырудың, Қапшағай қаласының әкімшілік аудандарының және басқа да аумақтық бірліктерінің аумақтарын дамытудың қала құрылысы жоспарларын, қала жоспары мен құрылысы жобаларын әзірлеудің және іске асырудың перспективалы және бірінші кезектегі бағдарламаларын әзірлеу және жүзеге асыру үшін негіз болып табылады.

Бас жоспардың басты мақсаты - экологиялық қолайлы, қауіпсіз және әлеуметтік-қолайлы өмірлік орта құруға бағытталған қала құрылысы іс-шаралары кешенін өткізу.

### **Әлеуметтік-экономикалық дамыту индикаторлары** **Демография**

Демографиялық процестердің серпіні болашақта қоғамдық даму факторларының дәстүрлі, бұрыннан қалыптасқан және жаңа, өсіп келе жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер мен қоғам өміріндегі қайта құрулар барысында қалыптасатын барлық жиынтықтың өзара іс-қимылымен анықталатын болады.

Қапшағай қаласын демографиялық дамытудың сипаттамасы масштабы мен бағыттылығы әлеуметтік-экономикалық, қайта құрулар нәтижелеріне тәуелді болатын халықтың табиғи және көші-қон қозғалысымен анықталатын болады:

қаланың экономикалық әлеуетін дамыту;

жұмыспен қамту және еңбекақы төлеу қоры;

мемлекеттік және жергілікті әлеуметтік саясат және басқа да факторлар.

Халықтың перспективалы санын болжау нұсқалары туудың (1000 тұрғынға 7-ден 12-ге дейін) табиғи өсу деңгейін кезең-кезеңмен арттыру деңгейінің жорамалын және көші-қон өсімі шамасын ескеріп есептелген. Көші-қонның оң сальдосына 2003 жылы қол жеткізілді, ол барлық болжанған кезеңге (1000 тұрғынға 38) болжанады.

Қапшағай қаласы халқының жобалық саны Алматы және тұтастай Қазақстан Республикасы бойынша орналасу жүйесінде тұрақты, инерциялық демографиялық үдерістермен анықталады.

Қапшағай қаласының перспективалық параметрлері 130 мың адамды құрайды. Бұл ретте резервтік алаңды қоса алғанда, қала аумағының демографиялық сыйымдылығы 300 мың адамды құрайды.

Халықты жұмыспен қамту құрылымының есептік көрсеткіштері қаланың экономика саласындағы жұмыспен қамтылғандар санын 18 мың адамнан 58 мың адамға дейін ұлғайтуды болжап отыр.

Қаланың әлеуметтік және қала құрылысын дамытудың негізгі мақсаты - бұл Қапшағай қаласын дамыту ерекшеліктерін ескеріп, аумақты оңтайлы функционалды аймақтандырып, жоспарлы құрылымын өзара байланыстырып, қала халқы үшін тіршілік етудің қолайлы ортасын құру болып табылады.

### **Тұрғын үй-азаматтық құрылыс**

Тұрғын үйлер ортасын кешенді қалыптастырудың негізгі бағыттары қаланың жалпы тұрғын үй қорын 3250 мың шаршы метрге дейін арттырып, орташа алғанда 1 адам басына 27 шаршы метрге дейін тұрғын үймен қамтамасыз етуге жеткізуді қарастырады. Жаңа құрылыстың көлемі жалпы жоспарлау кезеңінде 2600 мың шаршы метрді құрайды. Құрылыс еркін аумақтарда 724,8 гектар (жалпы алаңы 2350 мың шаршы метр) және қайта жаңартылып жатқан аумақтарда, ескі үйлерді бұзу есебінен 82 гектар (жалпы алаңы 250 мың шаршы метр) жүзеге асырылады. Жеке тұрғын үй құрылысының үлесі барлық кезең бойынша тұрғын үй құрылысының жалпы көлемінің 3,6 пайызын құрайды.

Қапшағай қаласының тұрғын үй аумағын қайта жаңарту мен дамытудың басым бағдарламалары:

халықтың қалың тобына тұрғын үйге қолжетімділікті қамтамасыз ететін тұрғын үй құрылысын дамыту проблемаларын кешенді шешу;

халықтың қазіргі және болжанған стратификациясы негізінде тұрғын үй саясатының үлгісін әзірлеу;

табысы көп емес тұрғындарға жалға беру үшін саны 675,2 мың шаршы метр (жаңа құрылыс көлемінің 26 пайызы) болатын коммуналды жалдамалы тұрғын үй қорын қалыптастыру;

саны 99 мың шаршы метр болатын коммуналдық, қолжетімді қор салу, олардың 9,9 шаршы метрі (10 пайызы) халықтың аз қамтылған және әлеуметтік әлсіз топтарына беріледі және жекешелендіруге жатпайды;

жылжымайтын мүлік нарығын құру;

жалпы алаңы 821,4 мың шаршы метр болатын көп қабатты жалдамалы коммерциялық тұрғын үй құрылысы және Қапшағай су қоймасының жағалауында аз қабатты коттедж құрылысы аймағын қалыптастыру болып табылады.

Жаппай көп қабатты құрылыс аумағында магистралды инженерлік желілерді дамытып және жайластырып әрі әлеуметтік сала объектілерін орналастырып тұрғын үй қала құрылысы кешендерін кезең-кезеңмен салу көзделеді.

Бас жоспар мекемелер қызмет көрсетудің әлеуметтік-кепілдендірілген минимумын және қалалық маңызы бар объектілерді дамытудың нормативтік

көрсеткіштерін қамтамасыз етудің нормативтік көрсеткіштеріне қолжеткізу бағытындағы жаңа әлеуметтік-экономикалық және қала құрылысы талаптарын ескеріп әлеуметтік саланы дамытуды қарастырады.

Перспективалы дамытудағы негізгі басымдылықтар қоғамды орнықты дамытуды қамтамасыз етуге, сауаттылық деңгейін сақтауға, денсаулық сақтау мен мәдениетке қолжетімділікке мүмкіндік беретін әлеуметтік сала жүйесін қалыптастыру болып табылады.

Жобалау кезеңінде бас жоспар 280 орындық балаларға арналған 28 мектепке дейінгі мекеме, 1200 оқушыға арналған 12 жалпы білім беру мектебін, 1875 орынға арналған аурухана қалашығын, ауысымында 500 адам келетін 8 емхана, он машинаға арналған жедел медициналық жәрдем станциясын, 440 орындық қарттарға арналған интернат үйін, спорт орындары мен мәдени-ағартушылық объектілер салуды көздеп отыр.

Қаланың экономика саласы құрамында туризм мен ойын бизнесі индустриясы дамуының маңызды рөлін ескере отырып, ойын-сауық және спорт инфрақұрылымын дамытып, "Жаңа Іле" көп бейінді рекреациялық кешенін салу жоспарланып отыр.

### **Экономикалық қызмет**

Өңірді индустриялық-инновациялық дамытудың қолда бар ресурстық әлеуеті мен басым бағыттары базасында қала экономикасының басты салаларын құрайтын қалыптастыру болжамы бойынша қағидатты ұсыныстар берілген:

туризм, демалыс, ойын-сауық бизнесі индустриясы;

құрылыс кешенін қалпына келтіру және дамыту;

қызмет көрсететін салаларды дамыту;

жедел жүретін көлік түрлерін ұйымдастыра отырып көліктік торапты құру: әуе, автомобиль, электрлі теміржол көлігі;

өнеркәсіптік кластерді дамыту;

ауыл шаруашылығы шикізаттарын қайта өңдеу базасында агроөнеркәсіптік кешенді және тамақ пен жеңіл өнеркәсіп тауарлары өндірісін дамыту;

төтенше жағдайлар болған жағдайда Алматы қаласынан тұрғындарды көшіру үшін құтқару орталығын ұйымдастыру;

экономикалық қызметтің жаңа саласын құру - логистика және кедендік режим терминалдарымен және дамыған қызметімен транзиттік жүктерді сақтау және өңдеу.

Өнеркәсіптік құрылыстың неғұрлым маңызды және басым объектілері мыналар болып табылады:

электр құралдары зауыты ("Электролит" ЖШС);

сығылған полистиролдан жасалған жылу оқшаулағыш плиталар зауыты ("Пеноплэкс");

оттегі, аргон, азот өндіру зауыты ("Капек" ЖШС);

металл бұйымдары зауыты ("Uno Group" ЖШС);

базальтты төсем зауыты ("Азок" ЖШС);

балық кешені;

темір-бетон шпалдар зауыты ("Energy" TSC).

Бұдан басқа, Арна индустриялық аймағында салуға мыналарды ұсынады: темір-бетон бұйымдар шығару зауыты, "сандвич-панельдер" үшін минералды плиталар шығару зауыты, пластикалық бұйымдар шығару зауыты, құрылыс құбырларын шығару зауыты және басқалары.

Ірі туристік орталық ретінде Қапшағай қаласының қолда бар ресурстары мен рөлі экономикалық қызметтің жаңа саласы - туризм индустриясын, демалысты және ойын-сауықты дамытуға негізделеді.

Туризм және рекреациялық инфрақұрылым Бас жоспар қалада ойын-сауық, сауықтыру және тарихи-танымдық туризмді қалыптастыру үшін Қапшағай өңірінің мәдени-этнографиялық мұрасы мен тарихи мұрасын пайдалануды ұсынады:

Іле Алатауы, Шарын аңғарының тау етектерінде биік таулы демалыс базасында туристік бағыттар ұйымдастыру;

Қапшағай су қоймасының сол жақ жағалауында казино, ойын-сауық клубтары, сурет галереялары, мейрамханалары, барлары бар бес жұлдызды отель мен қонақ үй кешендерін салу;

"Жаңа Іле" көп функционалды ойын-сауық кешенін салу;

"Тамғалы" тарихи-мәдени қорығы мұражайын салу.

### **Аумақтық табиғи кешенді сақтау мен дамытудың негізгі бағыттары**

Қапшағай қаласының табиғи кешені өсімдігі басым аумақтар мен негізінен табиғат қорғау, рекреациялық, сауықтыру және ландшафт құрау функцияларын орындайтын Қапшағай су қоймасының жиынтығы болып табылады және қаланың табиғи-ландшафтық қаңқасын қалыптастыруға қатысады.

Табиғи кешен аумақтарына мыналар жатады: Қапшағай су қоймасының құрылыс салынбаған табиғи аумақтары, жасанды арналар, көгалдандырылған аумақтар - саябақтар, бақтар, гүлзарлар мен скверлер, сондай-ақ жаңа жасыл аймақтар ұйымдастыруға арналған резервтік аумақтар.

Табиғи кешеннің аумақтарын сақтау мен дамытудың негізгі бағыттары:

рекреациялық аймақтарды қалыптастыруды;

жобалауды экологияландыруды көздейді.

## **Қаланың табиғи-ландшафтық орман-саябақтық аймақтарын сақтау талаптары**

Қапшағай қаласының қала салуын дамытудың негізгі бағыттары табиғи-ландшафтық орман-саябақтық аймақтарын сақтаудың мынадай талаптарын көздейді:

аймақтың шекараларын және осы шекаралардың шегінде қала салу қызметін реттеу режимдерін айқындайтын, ландшафтарды қорғау мен оларды көріп қабылдаудың оңтайлы шарттарын қамтамасыз ететін жалпы қала салу регламенттерін белгілеу және сақтау;

қала аумағындағы микроклиматты жақсартуға, жер беті ағындарын өткізуге және халықтың тұруына қолайлы жағдайлар жасауға мүмкіндік беретін сулы-жасыл жүйе құру;

жел соғу басым болатын жақтан желден қорғайтын және шаң ұстайтын орман алқабы жүйесімен орман-саябақ аймағын құру.

### **Экологиялық талаптар**

Қапшағай қаласының қала салуын дамытудың экологиялық талаптарына мыналар жатады:

табиғи кешеннің қазіргі аумақтарын қолайсыз антропогендік әсерлерден қорғау және резервтік аумақтарда жаңа жасыл массивтер қалыптастыру жөніндегі шараларды іске асыру;

өмір сүру қызметі ортасының қолайлылығын, оның ішінде аумақтарды көгалдандыру және қаланың тұрғын және қоғамдық аймақтарында микроклиматтық жағдайларды жақсарту жолымен арттыру.

Қапшағай қаласының қала салынуын дамытуға қойылатын экологиялық талаптарды орындаудың қажетті шарттары мыналар болып табылады:

ауыз судың тазартылуы дәрежесін жақсарту үшін белсенділенген көмір толтырылған сүзгілерге адсорбциялық тазарту орната отырып, су өткізетін тазарту құрылыстарын қайта жаңарту;

жобаланатын объектілерді салуға байланысты ластанған және ластануы ықтимал учаскелерде жер асты суларының қалпында болу шарттарын, деңгейі мен сапасын тұрақты режимдік қадағалауды ұйымдастыру;

желіні кейіннен жыл сайын дезинфекциялап және жуып, авариялық учаскелерді ауыстыра отырып, су құбыры желісін жөндеу;

су алу құрылыстарының, су жіберу және су құбырлары құрылыстарының айналасына бірінші және екінші белдіктегі санитарлық қорғау аймақтарын ұйымдастыру;

сүзгіге қарсы экрандар құрылғысымен (түптер мен еңістер) аз сүзгілі топырақтарда тазартылған ағын суларды жинау үшін жинақтаушы тоғандар (қолдан жасалған су айдындары) салу;

қаланың суландыру жүйесін қайта жаңарту және оны салу;

өзеннің су алу бастарын балық қорғау құрылғыларымен жабдықтау;

тұрмыстық ағын суларды биологиялық тазарту станцияларын мынадай құрамда салу: құм ұстағыштар, бастапқы тұндырғыштар, аэротенкалар, екінші тұндырғыштар, тұрақтандырғыш-минерализаторлар, хлоратор, лай аландары;

сорғы қайта айдау станциялары мен тұрмыстық кәріздің өзі ағатын желісін жөндеу және қайта жаңарту;

биологиялық тазарту станциясы алаңында абаттандырылмаған қала құрылысынан шығарылатын ағын суларды қабылдауға арналған құю станциясын салу;

тазартылған тұрмыстық ағын суларды ауыл шаруашылығы алқаптарын суару үшін қайта пайдалану мақсатында терең тазартуға арналған құрылыстар салу;

қаланың аумағынан нөсер ағын суларын қабылдау мен тазартуға арналған құрылыстар салу;

қаланың ауа бассейнін: жеңіл автокөлікті этилденбеген бензин жағуға ауыстыру есебінен қорғасын мен оның органикалық емес қосылыстарының тастандыларымен;

"Қапшағай жылу" мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын (бұдан әрі - МҚК), Қапшағай АПБ табиғи газ жағуға ауыстыру есебінен - күкірт диоксиді тастандыларымен;

көмірмен жұмыс істейтін қазандықтарда күл ұстау жөнінде шекті жол берілетін тастандылар жобаларында көзделген іс-шараларды енгізу есебінен - құрамында 75 пайыз кремний қос тотығы бар шаң тастандыларымен ластауды азайту;

жақын орналасқан аудандарға теріс әсер ететін өнеркәсіптік кәсіпорындарды қазіргі өнеркәсіп аймақтарынан жаңаларына шығару;

өз тұтынушыларын жылумен жабдықтау үшін өндірістік қуатты арттыра отырып, орталықтандырылған жылумен жабдықтаудың жұмыс істеп тұрған көздерін ("Қапшағай жылу" МҚК, Қапшағай АПБ), сондай-ақ қазіргі өндірістік аймақтың аумағында тұрғызылатын жаңа көп қабатты тұрғын үй құрылысын табиғи газ жағуға көшіру;

Қапшағай қаласының перспективалық шекарасы шегіндегі магистралдың 15 километр ұзындығымен 6 жолақтық қозғалыс жасай отырып (жолдың жалпы ені - 22,5 метр) республикалық және халықаралық маңызы бар Алматы - Талдықорған автожолында жылдамдықты автобан салу (талап етілетін санитарлық алшақтықты сақтай отырып);

қазіргі заманғы технологияларды пайдаланып және жер астындағы сулардың ластануын қадағалайтын ұңғымалар құрылғысын қоса алғанда, барлық табиғат қорғау талаптарын сақтай отырып, Қапшағай қаласының қатты тұрмыстық қалдықтары жаңа полигонының жобасын әзірлеу және оны қаланың жобалық шекарасынан 12-15 километр батыс бағытта салу;

полигон ауданындағы жеке аумақта автомобильдерге арналған зират салуды көздеу;

экологиялық жағынан таза аз қалдықты және қалдықсыз технологиялар енгізу, тастандылардың ұйымдастырылмаған көздерінің санын азайту, өнеркәсіптік тастандылар көздерін, өндірістің ағынсыз циклдарын қосымша жарықтандыру, өнеркәсіп объектілерінің су тазарту жабдығымен жарақтандырылуын 100 пайызға дейін жеткізу;

кейіннен қаланың тұрғын аудандарын радиациялық әсерден қорғау жөніндегі іс-шараларды әзірлей отырып, радионуклидтердің нормативтен тыс шоғырлануын анықтап, қала аумағына радиациялық түсіру жүргізу;

жер асты суларының деңгейін төмендету үшін тік дренаждың қазіргі жүйесін қайта жаңарту және жаңаларын салу;

еңістер мен жағалауларды, жыралар мен арқалықтарды ағашты-бұталы жыныстар отырғызып нығайту;

қазіргі қалдықтар күресініне қайта культивациялау жұмыстарын жүргізу;

басым желдерге бағыттас орналасқан ені 100 метр сыртқы орман қорғау белдігін жасау;

қорғаныштық орман белдеуі бар Үлкен жағалау гүлзары бар сулы-жасыл жүйе құру;

қаланың индустриялық аймағы мен тұрғын аудандарының арасында санитарлық-қорғау аймағының қорғаныштық орман белдеулерін ұйымдастыру;

қаланы көгалдандыруға пайдалану үшін жаздың құрғақ жағдайларына тұрақты ағаштар мен бұталардың барынша перспективалық тұқымдарын өсіруге арналған өндірістік-сәндік питомник ұйымдастыру;

зиянды жәндіктердің, кеміргіштердің және құстардың таралуын және көбеюін болдырмаудың кешенді бағдарламасын әзірлеу.

## **Сәулеттік-жоспарлау ұйымы**

### **Қаланы аумақтық дамыту**

Қапшағай қаласы қазіргі уақытта Қазақстанның аумағындағы ірі Іле өзенінің жасанды су айдынын қалыптастырған Қапшағай су қоймасының батыс жағалауында орналасқан. Бұл аймақтарды және су маңындағы демалыс объектілерін табысты және белсенді дамыту базасындағы тартымды ресурстардың бірі.



Маңызды ерекшелік халқы Қапшағай өңірі ұсынатын туристік-рекреациялық қызметтердің негізгі тұтынушылары болып табылатын Қазақстанның ірі қаласы - Алматы қаласына жақын орналасқандығы болып отыр. Қапшағайдан Алматы қаласына дейінгі ара қашықтық 60 километрді құрайды.

Қаланы дамыту үшін оның мемлекеттік маңызы бар ірі автомобиль жолдарында және темір жол көлік артерияларында, Батыс Қытайға шығатын Алматы - Қапшағай - Талдықорған - Өскемен тас жолы, Ақтоғай станциясынан Достық - Батыс Қытай станциясына дейін баратын Алматы - Қапшағай - Ақтоғай - Өскемен темір жолында орналасқаны да үлкен маңызға ие.

Бас жоспар қаланы қаланың ескі бөлігіндегі аз қабатты құрылыс аумағын қайта жаңартып, оңтүстік және солтүстік бағыттарындағы бос аумақты игеру есебінен аумақтық дамыту қарастырылуда.

Бас жоспар жалпы жобалау саны 130 мың адамы бар Қапшағай қаласының ажырамас бөлігі болып табылатын төртінші серіктес қаланы орнатылған торапта әзірленген неғұрлым алшақ болжамдағы перспективалық даму аймағы Алматы - Қапшағай жолының батысында орналасқан. Бұл жерде маңызды аумақтық резервтер бар.

Қала аумағын функционалдық аймақтандыру, орналастыру, кеңістік ұйымдары, көліктік және инженерлік инфрақұрылымдар жөніндегі жобалық шешімдер өзара байланыста орындалған және өңірлік бөлікте бас жоспар шешімдерінің негізінде орнатылған.

### **Аумақтың жобалау ұйымы**

Кеңістік тұжырымдамасы қаланың бірегей инженерлік-көліктік инфрақұрылымы бар және қаланың есептік мерзімде перспективалық дамыту аумағын және есептік мерзімнен тыс барлық резервтік аумақты қамтитын өзара байланысты құрылымдық элементтер жүйесі ретінде ойластырылған.

Қапшағай қаласы - бұл қызмет етудің барлық жүйелері бар бір ғана қала, Қапшағай су қоймасының жағалауындағы демалыс аймақтарын және Жаңа Іле көп бейінді туристік кешенін салуға және қызмет көрсетуге арналған базалық қала болатындығын ескере отырып айқындалған.

Бас жоспар өндірістік кластерге өнеркәсіптік кәсіпорындарды қаланың жаңа өнеркәсіптік аймағына шығаруды қарастырып отыр. Элеватор, нан комбинаты, қалалық қазандық, кіші электр станциясы секілді қаланың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету үшін неғұрлым маңызды кәсіпорындардың бөлігі өз орындарында қалады.

Босатылған аумақ Қапшағай қаласының перспективалық селитебті аумағының бөлігі ретінде қарастырылады.

Қала аумағының қазіргі алаңы 7109,5 га болған кезде, есепті мерзімге дейін қаланы дамыту үшін 9684,0 га қарастырылуда. Бұдан басқа, бас жоспар резервтік аумақты қарастырады, онда бас жоспардың жобалық шешімдеріне сәйкес жер бөлінуі мүмкін. Олар 6900,0 гектарды құрайды. Орман бағы аймағының алаңы қорғаншылық орман бағы мен су құрылғыларын қоса алғанда 2500,0 га, көліктік-коммуникация дәлізі (республикалық маңызы бар айналма автомобиль жолы, жаңа теміржол айналмасы) 606,3 га құрайды, Қапшағай су қоймасы су қабаты қала сыртының шегінде 6360,0 га құрайды.

### **Аумақты функционалды аймақтандыру**

Бас жоспарда ұсынылған қаланы функционалды аймақтандыру оны Қапшағай су қоймасы жағалауына орналастыруды ескерген және белдеулік мүшелеуі бар.

**Рекреациялық аймақ.** Қапшағай қаласының аумағында, Қапшағай су қоймасының жағалауында өзіне қолданыстағы, қалыптасқан және перспективалы демалыс аймақтарын қамтитын, ұзындығы 15 километр болатын қалалық демалыс аймағы қалыптасады. Оларға: "Оңтүстік-батыс жағалау" демалыс аймағы, "Күншуақ" демалыс аймағы және жаңа "Оңтүстік" демалыс аймағы жатады.

Қалалық демалыс аймақтарының принципіалды шешімдері "Қапшағай қаласының және Қапшағай су қоймасы жағалауының ТЭН мен демалыс аймағының бас жоспары" бекітілген жобасына сәйкес қабылданды. Қапшағай қаласының осы бас жоспарында орындалған нақтылау қаланың барлық функционалды аймақтарының өзара байланысын қарастыруға, бірыңғай инженерлік-көліктік шешіміне, жалпы сәулеттік-кеңістік тұжырымдамасына байланысты.

Келесі белдеу Алматы - Қапшағай - Талдықорған автомагистралының екі жағында қалыптасатын ең ірі функционалды аймақты-селитебті ұсынады, ол болашақта қаланың бас даңғылы болып Қапшағай даңғылы деген атау берілуі ықтимал, оны бойлай жалпы қалалық объектілер мен түрлі мақсаттағы кешендер орналастырылады.

Автомагистраль мен темір жол магистралі арасындағы аумақта бас жоспарда онда оқу, сауда, ойын-сауық объектілерін, дамыған абаттандырылуы бар және қызмет көрсету инфрақұрылымдары, сауда, шоу-бизнес, ойын бизнесі, офистік кешендер, банктер және басқалары орналастырылған **өңірлік желілік қызмет көрсету орталығын** құру ұсынылады. Аталған аймақ қаланы дамытудың басты композициялық осі - Қапшағай даңғылын қалыптастырады.

**Тұрғын үй құрылыс аймағы.** Қазіргі оңтүстік бөлікте ескі абаттандырылмаған тұрғын үй қорының аумағын қайта жаңарту қарастырылып отыр, оның орнына бес-тоғыз қабатты тұрғын үй құрылысын салу ұсынылады.

**Ерекше маңызды аумақ.** Алаңы бойынша едәуір аумақты автономды инженерлік жабдықтары бар ірі панелді бес қабатты тұрғын үйлер салынған әскери қалашық (549,1 гектар) алады. Оған қатысты аумақ болашақта селитебті аймақтың батыс бөлігінің басты ортасына бөлінеді, ол әскери қалашықтың жаңа аумақтарындағы құрылыста ескерілетін болады.

Қаланың батыс селитебті бөлігінде орналасқан **коммуналдық аймақ** болашаққа жартылай сақталады (зират, кіші электр станциясы), болашақта қалалық кәріз құрылыстары объектілері солтүстік-батыс бағыттағы қала сыртына шығарылады, босатылған аумақты есептік мерзімге дейін жасыл желектерді пайдаланып, шұрайландыру болжанып отыр.

**Сулы-жасыл жүйе.** Бас жоспар бойынша сулы-жасыл жүйені құру қарастырылуда, оған Шошқалы сай мен Аты жоқ сай маңындағы кең арналар мен Сейфуллин көшесі бойындағы меридианалды арна қосылады, ол селитебті аймақтың оңтүстік бөлігіне қарай Арна кентін перспективті дамыту аумағына және орман бағы аймағындағы таулы қырат арнасына дейін жалғасады.

**Санитарлық-қорғау аймақтары** өнеркәсіптік және селитебті аймақ арасындағы жасыл қорғау аймағы. Жобада Қапшағай су қоймасы жағалауының батыс бөлігіндегі өндірістік объектілер мен тұрғын үй құрылыс аумағы арасындағы санитарлық-қорғаншылық аймақтарды ұйымдастыру қарастырылған. Оңтүстік өндірістік аймақтағы санитарлық-қорғау аймағы қазіргі уақытта қызмет көрсетіп жатпаған, өнеркәсіптік кәсіпорындардың зияндық тобын нақты анықтау кезінде қалыптасатын болады.

**Көшелер мен жолдар астындағы аумақ** - қаланың жалпы қалалық және аудандық магистралдары бойынша, негізгі қалалық жаяу жүргіншілер жолы байланысымен және гүлзарлармен, көліктік орын-жай объектілер аумағымен, теміржол асты аумағы қызыл желілер шекарасындағы учаскелер.

Барлық деңгейдегі магистралдар мен көшелердің шекті қызыл желілерімен шектелген аумақ есепті мерзімге дейін пайдалануға жататын аумақтар ретіндегі жаяу жүргіншілер гүлзарлары, болашақта қоғамдық пайдалану үшін қажетті муниципалдық аумаққа жатады.

### **Қоғамдық аумақтарды дамытудың негізгі бағыттары**

**Қаланың қоғамдық орталығы.** Қапшағай қаласының маңызды құрылымдық элементі, қоғамдық орталығы бірыңғай жүйеде өзара байланысты басты жалпы қалалық қала құрылысы тораптарынан, аудандық маңызы бар алаңдар мен орталықтардан тұрады. Қаланың әкімшілік орталығы қаланың маңызды қала

құрылысы осінде орналасқан қала құрылысы торабы болып табылады. Өңірді серпінді дамыту аталған қала құрылысы торабының функцияларын және оның жаңа сәулеттік-кеңістік үйлесімділігін күшейтуді көздейді.

Бас жоспарда қаланың жаңа имиджі мен келбетін құратын басты ансамбльдер , алаңдар мен қала құрылысы тораптары жөніндегі қағидатты шешімдер берілді.

Қаланың бас жоспары адами тұлғаны толыққанды және үйлесімді дамытуды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін қалалық ортаны құруды қарастырады, сондықтан қоғамдық орталық жүйесінде, жаяу жүргіншілерге қолжетімділік спорт, білім беру және денсаулық сақтау объектілерін орналастыру қарастырылуда.

Қала құрылысының құрылымы көп бейінді болғандықтан құрылыстың бірегей сәулеттік стилі Қапшағай қаласы үшін үйлесімсіз. Функционалдық-жоспарлық құрылымның негізгі элементі - Қапшағай даңғылы, демалыс аймағы бар Үлкен жағалау маңы гүлзары мен Қапшағай даңғылының орталығындағы, оңтүстік және солтүстік бөлігіндегі басты тораптар. Сонымен қатар ірі панелді көп қабатты құрылысы бар, қаланың тарихи ядросын қалыптастыратын кеңестік кезеңдегі қолданыстағы шағын аудандар бөлінген.

### **Қаланың аумағын қала құрылысына аймақтандыру**

Қапшағай қаласын дамытудың бас жоспарында аумақты қала құрылысына аймақтандыру "Қала құрылысы. Қалалық және ауылдық қоныстануды жоспарлау және салу" ҚНЖЕ 3.01.01-2002-ге сәйкес белгіленеді. Бас жоспар қызметтік пайдалануға (функционалдық маңыз), көшелер мен жолдардың қызыл желілерін ескеріп аумақтық бірлік аумағы деңгейінде талаптар белгілейді. Қапшағай қаласының жобалық шекарасы шегінде орташа алаңы орта есеппен алғанда 55 га жуық болатын 365 аумақтық бірлік болады.

Қатаң, орташа және жеңіл деңгейдегі регламенттерімен белгіленген функционалдық аумақты аймақтандыру Қапшағай қаласының қала құрылысы дамуының мақсаттарына, талаптарына және негізгі бағыттарына сәйкес қала құрылысы қызметін жүзеге асыру кезінде қала аумағын пайдалануды қамтамасыз етудің заңды құралы болып табылады.

Қатаң, орташа және жеңіл деңгейдегі регламенттерімен белгіленген функционалдық аумақты аймақтандыру жергілікті органдар үшін қала құрылысы және жер учаскелерін пайдалану саласында шешімдер қабылдау кезінде міндетті болып табылады. Белгіленген функционалдық аумақты аймақтандыруға қарсы келетін қала құрылысы қызметі "Қала құрылысы. Қалалық және ауылдық қоныстануды жоспарлау және салу" ҚНЖЕ 3.01.01-2002-ге тыйым салынады.

Бас жоспардың шеңберінде аумақтық бірліктің функционалдық маңызы Қапшағай қаласын дамытудың Бас схемасымен белгіленеді.

Қаланы дамытудың Бас схемасы Қапшағай қаласының қала құрылысы дамуының негізгі бағыттары және Бірінші кезекті қала құрылысы іс-шараларының бағдарламасы ретінде қарастырылған қала аумағын пайдалануға енгізілетін өзгерістерді заң түрінде бекітеді.

Дамудың бас схемасы қала аумағын функционалды пайдалануды өзгертудің мынадай негізгі үрдістерін көрсетеді:

қаланың селитебті аумағын, оның ең көп демографиялық сыйымдылығы 300 мың адамға арттыру және бос өндірістік аумақтарды біржолғы қысқарту;

рекреациялық маңызы бар аумақты және мамандандырылған объектілер құрылысын ұлғайту (жағалауды абаттандыру және қорғану үй-жайларын салу, жағажайлар мен саябақтар салу);

тұрғын үй-азаматтық құрылысының қоғамдық маңызды объектілерін орналастыру үшін басымды құрылыс аймағын бөлу.

### **Қала аумағында құрылыс салуды реттеу ережесі**

Қала аумағында құрылыс салуды реттеу ережесімен Бас жоспарда мыналар көзделеді:

қаланың қала салу коды бойынша жалпы регламенттер мен шектеулерді сақтау;

көше-жол схемасына сәйкес қызыл сызықтарды сақтау. Қызыл сызықтар шегіндегі көше-жол желісін дамыту үшін көзделген аумақтарды қала әкімдігіне тиесілі деп санау (муниципальдық жерлер);

функционалдық - селитебті, өнеркәсіптік, коммуналдық-қойма, рекреациялық аймақтардың, келісілген құрылыс - қаланың қоғамдық орталығы аймағының шекараларын сақтау;

республикалық және жалпы қалалық маңызы бар инженерлік-көлік дәліздерінің (магистралдық инженерлік коммуникациялар мен құрылыстардың дәліздері) шекараларын сақтау.

### **Инженерлік-көлік инфрақұрылымын дамыту**

#### **Көлік және көше-жол желісі**

Бас жоспарда мыналар көзделеді: сыртқы көлік (әуе, темір жол, автомобиль) желісін дамыту, көше-жол желісін және инженерлік көлік құрылыстарын жетілдіру, қала автопаркі жылжымалы құрамын жетілдіру, автомобильдерге май құю станциялары және көлікке техникалық қызмет көрсету желісін дамыту.

Сыртқы көлік инфрақұрылымын тиімді дамытуға арналған негізгі іс-шаралар мыналар болып табылады:

Қапшағай қаласын айналып өтетін транзиттік жүк және жолаушылар қозғалысын өткізуге арналған айналма темір жол магистралін салу;

Қапшағай қаласын айналып өтетін транзиттік автокөлікті өткізуге арналған айналма автожол салу;

жаңа өнеркәсіптік кластер ауданында темір жол станциясын салу;

Іле өзені арқылы жаңа темір жол және автожол өтпесін салу;

Қапшағай су қоймасында су флотымен тасымалдауды қайта дамыту үшін жобада қазіргі портты кеңейту мен қайта жөндеу белгіленеді;

"Саяхат" халықаралық әуежайының құрылысын қайта жаңарту, оны Қапшағай қаласына жақын орналастыру Алматы әуежайының жүктемесін азайтуға мүмкіндік береді, ұшулардың қауіпсіздігі мен тұрақтылығын қамтамасыз етеді;

Алматы және Жамбыл көшелері ауданында өткізу қабілеті тәулігіне 10000 жолаушы болатын жаңа сапаржай салу;

өнеркәсіп кластері ауданында өткізу қабілеті тәулігіне 1000 жолаушы болатын автостанция салу.

Қала ішіндегі көлік жүйесін дамыту бөлігінде мынадай іс-шаралар көзделеді: қаланың жаңа көше-жол желісін салу және бұрынғыларын қайта жөндеу;

жағалауда орналасқан қала аудандары мен демалыс аймақтарының көлік байланыстарын қамтамасыз ету үшін Қапшағай су қоймасы жағалауының бойына сыртқы магистралдық автожолдарға шығатын бөгет-жолдар салу;

қазір бар Алматы - Қапшағай автожолы мен темір жолының қиылысында қаланың батыс және шығыс бөліктерінің көлік жалпы қала магистралдарымен байланыстарын қамтамасыз ету үшін жобада қазіргілерге қосымша "толық беде жапырағы" үлгісі бойынша 1 жол өтпесін және тоннель түріндегі 5 жол айрығын салу белгіленді:

қазіргі Жолаушылар автокөлік кәсіпорнын оңтүстік өнеркәсіп аймағына ("Қапшағай автобус паркі" ЖШС) көшіре отырып, кеңейту және қайта жөндеу, қаланың автобустар паркін 200 бірлікке дейін ұлғайту және жаңарту, жаңа автобус бағыттарын ашу;

жүк автомобильдері паркін дамыту, өнеркәсіп кластері ауданында 1000 автомобильге арналған жаңа АКК салу;

қаланың коммуналдық аймағында 195 бірлікке арналған таксомотор паркін салу;

автомобильдерді тұрақты және уақытша сақтауға арналған әр алуан түрдегі гараждар мен автотұрақтар, сондай-ақ техникалық қызмет көрсету станцияларын және жанар-жағар май станцияларын салу.

## **Сумен жабдықтау**

Перспективада қаланы сумен жабдықтау көздері Николаев кен орнының жер асты сулары (тәулігіне 61,143 мың текше метр) мен Қапшағай су қоймасының шет беті сулары (тәулігіне 16,85 мың текше метр) болып табылады. Ауыз су сапасы бар қосымша су көзі ретінде А+В қоры тәулігіне 190 мың текше метрді құрайтын Шолақ кен орнының жер асты суларын пайдалану белгіленеді.

Бас жоспар қаланы сумен жабдықтауды дамытудың мынадай бағыттарын көздейді:

шаруашылық-ауыз су, өндірістік және өртке қарсы су құбырының жұмыс істеп тұрған жүйесінің өнімділігін тәулігіне 89,693 мың текше метрге дейін ұлғайта отырып, оны сақтау және дамыту;

бас тоған құрылыстарын, ҚСТ алаңын қайта жаңарту, ұзындығы 180 километр су құбырлары желілерін қайта жаңарту және жаңасын салу есебінен сенімді сумен жабдықтау жүйесі деңгейін арттыру.

### **Су қашыртқы**

Есепті мерзімде су қашыртқының көлемі жылына 25931,84 мың текше метрді құрайды.

Бас жоспардың кәріздік жүйесін дамыту бөлігінде мыналар көзделген:

қуаты тәулігіне 76,9 мың текше метр ағын суларды толығымен биологиялық тазарту кәріздік тазарту құрылыстарын және сыйымдылығы 25931,84 мың текше метр жаңа бөгет жинаушыларды салу есебінен кәріз жүйесінің жұмыс істеу сенімділігін арттыру;

жалпы ұзындығы 178 километр қаланың перспективалық даму алаңдарында қолданыстағы қысымды және өздігінен ағатын кәріздік коллекторларды қайта жаңарту, жаңа кәріздік желіні салу;

қолданыстағы сорғы станцияларын қайта жаңарту (13 бірлік), қайта айдайтын жаңа сорғы станцияларын салу (13 бірлік);

зиянды заттардың жарамайтын қосылымдарын қалалық кәрізге тасталуын болдырмау мақсатында кәсіпорындарда қазіргі заманғы технологиялық үдерістерді енгізу есебінен ағынды суларды тазарту технологиясы мен сапасын жетілдіру, ауаландыру станцияларында биологиялық тазартудың жаңа технологияларын енгізу.

### **Электрмен жабдықтау**

Болашақта электрмен жабдықтау көздері Мойнақ пен Кербұлақ ГЭС және Балқаш ЖЭС жаңадан салынып жатқан электр станцияларын қоса алғанда, Қапшағай ГЭС және Қазақстанның ЕЭС электр станциялары болып табылады.

Қапшағай қаласы тұтынушыларының жиынтық есептік электрлік жүктемесі 242,3 мегаватты, оның ішінде бірінші кезекте құрылыс 133,6 мегаватты құрайды.

Қаланың электрмен жабдықтау жүйесін дамытудағы негізгі бағыттар мыналар болып табылады:

220/10 килловатты "Робот", 220/110/10 килловатты "Қапшағай № 62", 110/10/6 килловатты "Өнеркәсіп аймағы" кіші станцияларын қайта жаңарту;

өнеркәсіптік кластер аумағында 110/10 килловатты "Арна" кіші станциясын салу;

тұрғын үйлер аудандары аумағында 110/10 килловатты "Көкшіл" кіші станциясын салу;

электр желілерін күшейту мақсатында жоспарланып отырған 500/220/10 килловатты "Алма" кіші станциясына Қапшағай ГЭС-нан 220 килловатты қосымша жоғары вольтты желі көзделуде;

қолданыстағы құрылыс аймағында электр желілері мен құрылыстарды қайта жөндеу және техникалық қайта жарақтандыру, перспективалық құрылыс аудандарында электр желілері мен құрылыстарын салу;

электр энергиясын пайдаланғаны үшін сараланған тарифтерді енгізе отырып тұтынудың барлық саласында электр үнемдеуші іс-шараларды енгізу.

### **Жылумен жабдықтау**

Есептік мерзімде Қапшағай қаласы тұтынушыларының жылу энергиясын жалпы тұтынушылығы мыналарды:

тұрғын үй-коммуналдық сектор үшін сағатына 326 гигакалорияны;

өнеркәсіп үшін сағатына 144 гигакалорияны құрайды.

Бас жоспарда Қапшағай қаласының жылумен жабдықтау жүйесін дамытудың негізгі бағыттары мыналар:

"Қапшағай жылу" ЖҚ МКК-да КВГМ-50 жаңа қазанын (2013 жылға дейін) және КВГМ-50 екінші қазандығын енгізу бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстарын қайта жаңарту, жаңғырту, күрделі жөндеу, пайдалануға беру;

жаңа 3 тұрғын үй ауданында және жаңа өнеркәсіптік кластер ауданында жаңа аудандық қазандықтар салу;

перспективалық құрылыс аудандарына магистралды және орамшілік жылу тораптарының жаңа құбырларын салу;

жылытудың қалыптасқан аймағында жылу магистральдарының жекелеген учаскелерін күрделі жөндеу және күшейту;

экологиялық таза отын-газды пайдалана отырып, ЖҚ қолданыстағы қазандықты жаңғырту, дамыту және жаңасын салу болып табылады.

### **Газбен жабдықтау**



Қаланы газбен жабдықтау қазіргі уақытта сұйытылған газбен жүзеге асырылуда. Болашақта (2007 - 2015 жылдар) қала тұтынушыларын Арна кентінің ауданында АГРС салып, БГР-ТБА магистралды газ құбырынан бастап табиғи газбен жабдықтауға ауыстыру жоспарланып отыр.

Қапшағай қаласы тұтынушыларының табиғи газды тұтынуының есептік мерзімдегі жалпы көлемі жылына 170,8 миллион текше метрді, оның ішінде жылу энергиясын өндіру үшін жылына 112,89 миллион текше метрді, коммуналдық-тұрмыстық және өндірістің тұтыну үшін жылына 49,59 миллион текше метрді, жеке секторды жергілікті жылыту және тамақ дайындау жылына 18,8 миллион текше метрді құрайды. Қала тұтынушылары табиғи газды пайдаланумен қатар сұйытылған газды пайдаланады. Сұйытылған газды тұтыну деңгейі перспективада жылына 53 тоннаны құрайды.

### **Аумақты инженерлік дайындау**

Қала аумағының бас жоспарында жер беті ағындарын бұрып жіберуді ұйымдастыру, жерасты суларының деңгейін төмендету, жасыл екпелерді суаруды ұйымдастыру, Қапшағай су қоймасындағы су деңгейі барынша көп белгіге дейін көтерілген кезде жағалаудағы аумақты су басудан қорғау көзделеді.

Құрылыс салуға қалалық жерді тиімді пайдалану үшін негізгі іс-шаралар мыналар болып табылады:

нөсерлі сулардың арнайы тазарту құрылыстарын қалалық аумаққа оларды бұра отырып беткі нөсерлі және еріген суларды жинау үшін ұзындығы 116 километр жабық нөсерлі кәріз жүйесін салу;

жерасты сулары деңгейін төмендету үшін ауданы 1685 гектар аумақта тік сорғы жүйесін салу;

қысымды суаратын құбырлардан (39,4 километр) және ашық арық желілерінен (64,4 километр) тұратын қаланың жасыл екпелері мен аула маңы учаскелерінің жерін суару үшін суаратын сумен жабдықтау жүйесін салу. Жер суару көзі сорғы станцияларының суаратын құбырларындағы су дуалы бар Қапшағай су қоймасы қабылданды;

Қапшағай су қоймасының деңгейі көтерілген кезде ағызу толқынымен су басудан қалалық аумақты қорғау үшін су еңісін темірбетонмен бекіте отырып опырылған жер дамбысын (7,0 километр) Қапшағай су қоймасы жағалауының бойына салу. Су қорғау дамбысының маңында қайта қамтитын көлденең сорғыту коллектор көзделіп отыр.

### **Телефон орнату**

Қазіргі заманғы телекоммуникациялық қызметтерді көрсету үшін Қапшағай қаласының бас жоспарын іске асырудың бірінші кезеңінде Next Generation Network деп аталатын жаңа ұрпақ желісін енгізуді ұсынып отыр. Бұл ретте қолданыстағы желіні желілік те, сол сияқты станциялық құрылыс ретінде де барынша пайдалану.

Жалпы бас жоспар бойынша құрылыстың бірінші кезегінде абоненттердің есептік санын салу 18000 нөмірді, оның ішінде пәтерлік сектор 12600 нөмірді, шаруашылық сектор 5400 нөмірді құрайды. Есептік мерзімде телефондық тығыздық 100 адамға 35 нөмірді қабылдауды және Қапшағай қаласы желісінің нөмірлік сыйымдылығын 45500 нөмірге дейін жеткізуді ұсынады.

Абоненттік желі тұрғын үй ғимараттары, орын-жайлар мен мекемелер ішінде де, сол сияқты сыртқы орындауда да орнатылатын мультисервистік абоненттік қолжетімділік қондырғысымен бірге байланыстың оптикалық-талшықты технологияларын қолдана отырып салуды ұсынады.

Абоненттік желінің телефондық-кәбілдік кәрізін ең төменгі бағандық желілерді пайдалана отырып диаметрі 110 миллиметр және 63 миллиметр полиэтиленді құбырларды қолданып салу ұсынылып отыр. Тұрғын үй орамдарын салу тығыздығына байланысты сыйымдылығы: 240, 480, 960, 1440, 1920 нөмірлі мультисервистік абоненттік қолжетімділікті орнату ұсынылады.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2010 жылғы 26 ақпандағы  
№ 134 қаулысына  
1-қосымша

## ҚАЛА ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ДАМУЫНА ИНВЕСТИЦИЯЛАРДЫҢ САЛАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

(млн. теңге)

Р/с №	Салалардың атауы	Барлығы жобалау кезеңінде	Соның ішінде: құрылыстың бірінші кезегі	Қаржыландыру көздері бойынша құрылыстың бірінші кезегі							
				Бюджет қаражаты				Жеке меншік инвестициялар	Шетел инвестициялары	Басқа қарыз қаражаты	Кәсіпорындар қаражаты
				Республикалық бюджет	Республикалық бюджет трансферттері	Жергілікті бюджет	Қалалық бюджет				
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
	Барлық инвестициялар	530175,5	144818,7	-	-	191,0	-	96618,4	14500,0	28409,3	5100,0
1	Тұрғын үй		26016,5	-	-	-	-	22816,5	-	-	3200,0



6	Санитарлық қорғау орман алқабы	17262,0	5178,6	-	-	-	5178,6	-	-	-
7	Жасыл екпелердің отырғызуды ұйымдастыру	1278,5	383,5	-	-	-	383,5	-	-	-
8	Өнеркәсіптік құрылыс объектілері	48198,0	31309,3	-	-	-	-	3000,0	26409,3	1900,0

Қазақстан Республикасы  
 Үкіметінің  
 2010 жылғы 26 ақпандағы  
 № 134 қаулысына  
 2-қосымша

### Құрылыстың бірінші кезегіне арналған инвестициялар құрылымы

(млн. теңге)

Инвестициялар құрылымы	Инвестициялар сомасы	оның ішінде жылдар бойынша				
		2009 жыл	2010 жыл	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл
1	2	3	4	5	6	7
Республикалық бюджет	-	-	-	-	-	-
Республикалық бюджет трансферттер	-	-	-	-	-	-
Жергілікті бюджет	191,0	191,0	-	-	-	-
Кәсіпорындар мен ұйымдардың қаражаты	5100,0	1000,0	1700,0	900,0	1500,0	-
Шетел инвестициялары	14500,0	1500,0	500,0	5500,0	7000,0	
Жеке инвестициялар	125027,7	9816,3	11037,7	13890,0	15300,0	89883,7
<b>Жиыны</b>	<b>144818,7</b>	<b>12507,3</b>	<b>13237,7</b>	<b>13890,0</b>	<b>15300,0</b>	<b>89883,7</b>

Қазақстан Республикасы  
 Үкіметінің

## ҚАПШАҒАЙ ҚАЛАСЫ БАС ЖОСПАРЫНЫҢ ТЕХНИКАЛЫҚ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Р/с №	Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	Бастапқы жыл	Бірінші кезек	Есепті мерзімі
1	2	3	4	5	6
<b>1</b>	<b>Қала аумағы, барлығы</b>	<b>гектар</b>	<b>7109,5</b>	<b>7679,7</b>	<b>9684,0</b>
	оның ішінде:				
1.1	Тұрғын-үй құрылысының аумағы	гектар	624,0	850,0	3015,2
1.1.1	Жер учаскелері бар усадьба салу	гектар	308,5	384,0	510,7
1.1.2	Орта қабатты немесе көп пәтерлі үйлер салу	гектар	144,7	466,0	1222,4
1.1.3	Көп қабатты немесе көп пәтерлі үйлер салу	гектар			1282,1
1.2	Қоғамдық құрылыс аумағы	гектар	49,4	129,0	240,7
1.3	Көшелер, жолдар, өтетін алаңдар	гектар	436,6	817,0	1717,7
1.4	Ортақ пайдаланылатын жасыл екпелер	гектар	47,7	147,0	378,8
1.5	Селитебті аумақтарды дамыту үшін резервтік аумақтар	гектар	171,7	85,0	-
1.6	Өнеркәсіптік және коммуналдық қойма аумақтары	гектар	551,4	501,4	456,0
1.7	Магистралдық желілер мен құрылыстардың аумақтары	гектар	180,2	180,2	166,1

1.8	Сыртқы және ішкі көлік аумақтары	гектар	168,0	208,0	257,6
1.9	Арнайы аумақтар	гектар	549,1	549,1	275,0
1.10	Орман шаруашылығы, питомниктер	гектар	-	-	83,8
1.11	Қорғаныш орман алқаптары бар жасыл аймақ	гектар	-	-	292,3
1.12	Зираттар	гектар	21,7	-	100,0
1.13	Қоқыс тастайтын жер	гектар	22,7	-	-
1.14	Шошқалы сайы және Безымянный сайы	гектар	323,0	-	-
1.15	Рекреациялық аумақтар	гектар	314,4	1200,0	1845,2
1.16	Рекреациялық аймақты ұйымдастыруға арналған резервтік аумақтар	гектар	3821,3	3013,0	855,6
<b>2</b>	<b>Жердің жалпы санынан</b>				
2.1	Мемлекеттік меншік жерлері	гектар	729,3	729,3	899,5
2.2	Коммуналдық меншік жерлері	гектар	5401,1	4539,4	4070,2
2.3	Жеке меншік жерлер	гектар	979,1	2411,0	4714,3
<b>3</b>	<b>Халық</b>				
3.1	Қарамағындағы елді мекендермен қоса халықтың саны	мың адам	53,1	75,0	150,0
3.1.1	соның ішінде жеке қала	мың адам	38,5	60,0	130,0
3.2	Халықтың тығыздығы				
3.2.1	Селитебті аумақтың шегінде	1 гектарға/адам	12,0	14,0	18,5

3.2.2	Қала салу шегінде	1 гектарға/адам	7,2	10,0	13,4
3.3	Халық құрылымының жасы				
3.3.1	15 жасқа дейін қоса алғанда балалар	пайыз	25,9	26,0	26,5
3.3.2	Еңбекке қабілетті жастағы халық (ерлер 16-63, әйелдер 16-58)	пайыз	62,3	62,5	63,0
3.3.3	Еңбекке қабілетті жастан асқан халық	пайыз	11,8	11,5	10,5
3.4	Экономикалық қызметте қамтылған халық саны	мың адам	18,0	27,8	60,3
<b>4</b>	<b>Тұрғын үй құрылысы</b>				
4.1	Тұрғын үй қоры, барлығы	мың шаршы метр	693,6	1380,0	3250,0
	соның ішінде:				
4.1.1	Жеке меншікте	мың шаршы метр	693,6	739,0	1428,0
4.1.2	Жалгерлік	мың шаршы метр	-	244,0	940,0
4.1.3	Коммуналдық	мың шаршы метр	-	397,0	882,0
4.2	70%-дан аса тозған тұрғын үй қоры	мың шаршы метр	49,6	-	-
4.3	Тұрғын үй қорын қабат бойынша бөлу				
4.3.1	Үй маңына бір қабатты құрылыс салу	мың шаршы метр	93,6	139,0	139,0
4.3.2	3-4 қабатты көп пәтерлі құрылыс	мың шаршы метр			
4.3.3	5-7-9 қабатты көп пәтерлі құрылыс	мың шаршы метр	600,0	844,0	1784,0
4.3.4	9 қабаттан жоғары көп пәтерлі үйлер	мың шаршы метр	-	-	47,8

4.4	Тұрғын үйдің кемуі	мың шаршы метр	-	49,6	-
	соның ішінде:				
4.4.1	Техникалық жай-күй бойынша	мың шаршы метр	-	23,6	-
4.4.2	Қайта жаңарту бойынша	мың шаршы метр	-	20,0	-
4.5	Сақталатын тұрғын үй қоры	мың шаршы метр	693,6	644,0	1380,0
4.6	Жаңа тұрғын үй құрылысы, барлығы	мың шаршы метр	-	736,0	1870,0
	соның ішінде керек-жарак бойынша:	мың шаршы метр			
4.6.1	Жеке құрылыс	мың шаршы метр	-	352,3	658,1
4.6.2	Жалгерлік коммерциялық	мың шаршы метр	-	100,0	721,4
4.6.3	Жалгерлік коммуналдық	мың шаршы метр	-	244,0	431,2
4.6.4	Коммуналдық	мың шаршы метр	-	39,7	59,3
4.7	Қабат бойынша тұрғын үй құрылысының арақатынасы	мың шаршы метр			
4.7.1	Үй маңына бір қабатты құрылыс салу	мың шаршы метр	-	95,0	-
4.7.2	3-4 қабатты көп пәтерлі құрылыс салу	мың шаршы метр	-	397,0	882,2
4.7.3	5-7-9 қабатты көп пәтерлі құрылыс салу	мың шаршы метр	-	244,0	940,0
4.7.4	9 қабаттан жоғары көп пәтерлі үйлер	мың шаршы метр	-	-	47,8
<b>5</b>	<b>Мәдени-ойын-сауық және мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету мекемелері</b>				
5.1	Мектепке дейінгі балалар	орын	725	3780	8645



	мекемелері, барлығы				
5.1.1	1000 адамға арналған мектепке дейінгі балалар мекемелері	орын	19	63	67
5.2	1000 адамға арналған жалпы білім беретін мектептер, барлығы	оқушылар	6112	9530	20665
5.2.1	1000 адамға арналған жалпы білім беретін мектептер, барлығы	оқушылар	158	160	160
5.3	Емханалар, барлығы	ауысымда келушілер	950	1950	3900
5.3.1	1000 адамға арналған емханалар	ауысымда келушілер	24,6	30	30
5.4	Ауруханалар, барлығы	төсек	150	1015	2025
5.4.1	1000 адамға арналған ауруханалар	төсек	4	13,5	13,5
5.5	Мәдениет үйлері, барлығы	орын	800	1500	3250
5.5.1	1000 адамға арналған мәдениет үйлері	орын	21	25	25
5.6	Концерттік залдар, барлығы	орын	-	3000	8000
5.5.1	1000 адамға арналған концерттік залдар	орын	-	50	62
5.7	Кітапханалар, барлығы	мың бірлік сақтау	120	240	520
5.7.1	1000 адамға арналған кітапханалар	мың бірлік сақтау	3,1	4,0	4,0
5.8	Өрт депосы, барлығы	8000 адамға автокөліктер	3	10	18
5.9	Кинотеатрлар, барлығы	орын	-	1500	3250

5.9.1	1000 адамға арналған кинотеатрлар	орын	-	25	25
5.10	Сауда мекемелері, барлығы	сауда алаңының шаршы метрі	3015	16800	36400
5.10.1	1000 адамға арналған сауда мекемелері	сауда алаңының шаршы метрі	78	280	280
5.11	Жалпы пайдаланылатын спортзалдар (фитнес орталықтар), барлығы	еден алаңының шаршы метрі	2750	4800	10400
5.11.1	Жалпы пайдаланылатын спортзалдар (фитнес орталықтар), 1000 адамға арналған	еден алаңының шаршы метрі	71	80	80
5.12	Қоғамдық тамақтану кәсіпорындары, барлығы	орын	636	2400	5200
5.12.1	Қоғамдық тамақ кәсіпорындары, 1000 адамдық	орын	10,6	40	40
<b>6</b>	<b>Көлік және көше-жол желісі</b>				
6.1	Автобуспен бір адамның жылына жол жүру саны	жол жүру жылына	180,0	300,0	325,0
6.2	Тасымалдаған жолаушылар саны	мың жолаушы	500,0	18000,0	42250,0
6.3	Магистральды көше-жол желісінің ұзындығы	шақырым	33,0	64,0	197,0
6.4	Ірі инженерлік-көліктік құрылыстар				
6.4.1	Қапшағай су қоймасы арқылы өтетін Іле өзені көпірінің автомобиль	бірлік	2		4

	және темір жол көпірлері			2	
6.4.2	Жол құбырлары	бірлік	2	4	8
6.4.3	Ж а я у жүргіншілер көпірлері	бірлік	1	2	2
6.4.5	Автомобиль айналма жолы	шақырым	-	-	25
6.4.6	Айналма темір жол магистралі	шақырым			
	<b>ИНЖЕНЕРЛІК ЖАБДЫҚТАР</b>				
<b>7</b>	<b>С у м е н жабдықтау және кәріз</b>				
7.1	Шаруашылық-ауыз су сумен жабдықтау				
7.1.1	Судың орташа тәуліктік шығысы	тәулігіне мың текше метр	41,40	44,56	86,69
	соның ішінде:				
	х а л ы қ, денсаулық сақтау объектілері және тұрмыстық қызмет көрсету комбинаттары	тәулігіне мың текше метр	22,0	30,44	61,30
	ескерілмеген шығындар	тәулігіне мың текше метр	0,76	-	-
	суғару	тәулігіне мың текше метр	4,15	5,40	11,70
	М а л д ы күтіп-ұстау және суғару	тәулігіне мың текше метр	0,77	0,92	1,09
	өнеркәсіп кәсіпорындары	тәулігіне мың текше метр	13,73	7,80	15,60
7.1.2	Су көздері				
7.1.2.1	Қапшағай су қоймасы	жылына мың текше метр	4833,0	6150,0	6150,0
7.1.2.2	Николаев жер асты суларының кен орны	жылына мың текше метр	3026,0	6795,6	20179,6
7.2	Кәріз				
7.2.1	Ағын сулардың орташа жылдық шығысы	жылына мың текше метр	9069,4	12609,8	25931,4

	соның ішінде:				
	халық	жылына мың текше метр	7370,2	9751,8	20237,8
	өнеркәсіп кәсіпорындары	жылына мың текше метр	1699,8	2858,0	5694,0
	Ағын суларды қабылдайтын жинақтаушы-буландырушы орын	мың текше метр	-	6304,885	12965,92
	КТҚ	тәулігіне мың текше метр	25,4	38,2	76,9
<b>8</b>	<b>Электрмен жабдықтау</b>				
8.1	Қапшағай қаласы тұтынушыларының жиынтық есептік электрлі жүктемесі	мегаватт	31,3	133,6	242,3
	соның ішінде:				
8.1.1	Коммуналдық-тұрмыстық жүктеме	мегаватт	11,6	52,6	87,3
8.1.2	Өнеркәсіп, көлік, және басқа кәсіпорындар	мегаватт	19,7	81,0	155,0
<b>9</b>	<b>Жылумен жабдықтау</b>				
9.1	Орталықтандырылған көздердің қуаты, барлығы	сағатына гигакалорий	162,0	212,0	450,0
	соның ішінде:				
9.1.1	"Қапшағайжылу" МКК	сағатына гигакалорий	162,0	212,0	250,0
9.1.2	III тұрғын аудандағы жаңа АҚ	сағатына гигакалорий	-	-	100,0
9.1.3	V тұрғын аудандағы жаңа АҚ	сағатына гигакалорий	-	-	100,0
9.2	Орталықтандырылмаған көздердің жиынтық қуаты	сағатына гигакалорий	10,0	53,0	85,0
9.3	Жылытуға жылудың тұтынылуы, барлығы	сағатына гигакалорий	83,0	198,0	387,0

	соның ішінде:	сағатына гигакалорий			
9.3.	коммуналдық-тұрмыстық мұқтаждарға	сағатына гигакалорий	78,0	136,30	272,0
9.3.2	өндірістік мұқтаждарға	сағатына гигакалорий	5,0	62,0	115,0
9.4	Технологиялық мұқтаждарға және ЖЖМ - барлығы	сағатына гигакалорий	10,0	41,0	83,0
	соның ішінде:	сағатына гигакалорий			
9.4.1	Коммуналдық-тұрмыстық мұқтаждарға	сағатына гигакалорий	9,0	25,0	54,0
9.4.2	өндірістік мұқтаждарға	сағатына гигакалорий	1,0	16,0	29,0
<b>10</b>	<b>Газбен жабдықтау</b>				
10.1	Құрғақ газды тұтыну, барлығы	жылына миллион текше метр	-	90,05	170,8
	соның ішінде:				
10.1.1	Коммуналдық-тұрмыстық мұқтаждарға	жылына миллион текше метр		43,46	57,92
10.1.2	Энергия көздеріне	жылына миллион текше метр		46,59	112,89
10.2	Сұйытылған газды тұтыну	тонна жылына	7,7	281,0	53,0
<b>11</b>	<b>Телефон орнату</b>				
11.1	Абоненттік нөмірлердің саны	нөмірлер	8000,0	18000,0	45500,0
<b>12</b>	<b>Аумақтың инженерлік дайындығы</b>				
12.1	Желілердің ұзындығы:				
12.1.1	Нөсерге қарсы жабық коллекторлар	шақырым	-	22,0	82,0
12.1.2	Ашық арық желісі	шақырым	5,0	11,4	71,4
12.1.3	Сайларды абаттандыру	шақырым	0,8	5,8	11,8

12.1.4	Дренаждау алаңы	гектар			
12.1.5	Жабық дренаж коллекторлары	шақырым	-	7,0	12,3
12.1.6	Қысымдық суғару су құбыры	шақырым	1,6	14,4	41,0
12.2	Құрылыстар				
12.2.1	Нөсер жаңбыр суларының тұндырғысы	дана	-	1,0	1,0
12.2.2	Нөсер жаңбыр суларының с о р ғ ы станциялары	дана	-	4,0	9,0
12.2.3	Суаратын сумен жабдықтаудың с о р ғ ы станциялары	дана	2,0	5,0	7,0
12.2.4	Бөгет	шақырым	-	7,0	12,0
12.2.5	Жағалау	погондық метр	-	7,0	12,0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК